

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Тәуіп ауылдық округінің әкімінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 3 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 06 маусымда № 3928 болып тіркелді

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Тәуіп ауылдық округінің әкімінің 14.11.2014 № 14 - 1 / 2 3 6 х а т ы) .

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 10-1 бабына сәйкес және Ырғыз ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2014 жылғы 22 мамырдағы № 17-02/128 ұсынысының негізінде Тәуіп ауылдық округінің әкімі

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Тәуіп ауылдық округінің Оңалбай қыстағында орналасқан «Сәбитбек» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде ірі қара малдары арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап соң қолданысқа е н г і з і л е д і .

Тәуіп ауылдық округінің әкімі

К. ТІЛЕУЖАНОВ